

**ЖАҢАРТЫЛҒАН PIRLS-2026
БАҒАЛАУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

Астана, 2024

PIRLS ЗЕРТТЕУІ ТУРАЛЫ



Бастауыш сынып оқушыларының мәтінді оқу және түсіну деңгейі мен сапасын бағалау

PIRLS елдерге келесі мүмкіндіктер береді:

- оқу сауаттылығы саласындағы білім беруді жақсарту үшін **дәлелді деректерге негізделген** шешімдер қабылдау
- оқушылардың оқу сауаттылығы бойынша **жетістігінің үрдісін бақылау**
- оқушылардың оқудағы жетістіктерін олар мәтінді оқып үйренетін **үй және мектеп ортасы** туралы деректермен байланыстыру
- елдің **4-ші ТДМ-ға қол жеткізудегі** прогрессін бақылау

PIRLS-2026 ЦИКЛІ


- 6-цикл
- **25 жылдық** трендті өлшейді
- толығымен **цифрлық бағалау**
- **инновациялық** интерфейс
- веб-сайттағы тапсырмаларды имитациялау (ePIRLS), бұл ретте тапсырмалар **цирлық дағдыларға емес, мәтінді түсінуге** бағытталған
- әртүрлі құрылғыдан, соның ішінде ұялы телефон арқылы сауалнамадан өтуге мүмкіндік беретін жаңа **Study Expert** цифрлық жүйесі
- қатысушы елдерге **қосымша опция** ретінде оқушылардың бір жыл ішіндегі оқу жетістіктерінің өзгеруін бағалайтын **лонгитюдті зерттеу** қол жетімді
- ТМД елдері арасында **Тәжікстан** алғаш рет қатысады





ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ –


- Дағдылар мен стратегиялар** қоғам талап ететін және/немесе жеке адам бағалайтын жазбаша сөз формаларын түсіну және қолдану қабілеті.
- Мәтіннің дереккөзі** Оқырмандар әртүрлі формадағы мәтіндерден мағына қорыта алады. Олар бір нәрсені үйрену, мектепте және күнделікті өмірде оқырмандар қауымдастығына қатысу, сондай-ақ жеке қызығушылығы үшін оқиды.
- Мақсаттар мен міндеттер**



ОҚЫРМАН

мәтіннен мағына қорытады, мәтін туралы пайымдау жасайды, оны бастапқы білімімен біріктіреді, оқу стратегияларын біледі және қолданады, лингвистикалық дағдылар мен когнитивті/метакогнитивті стратегиялардың жиынтығын қолданады.


20 маусымда IEA PIRLS-2026 бағалау тұжырымдамасын жариялады



ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

- **Цифрлық сауаттылықты** оқу сауаттылығының жалпы анықтамасы мен шкаласына **біріктіру**
- **Интернеттегі** интерактивті цифрлық оқуды (ePIRLS) **ақпараттық тапсырмаларға біріктіру**
- **Оқудың әлеуметтік контекстін** талқылау (контекстік сауалнамалар шеңберінде)

PIRLS-2026 ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ



PIRLS МӘТІНДЕРІ

Мақсаты – зерттеуге қатысушылардың оқу процесін олардың мектептегі және одан тыс жерлердегі шынайы оқу тәжірибесіне барынша ұқсату.

ӘДЕБИ МӘТІН


- баяндама стиліндегі көркем әңгіме
- бір немесе бірнеше көзқарас
- диалогтар
- иллюстрациялар

АҚПАРАТТЫҚ МӘТІН

- мақала, өмірбаян, хат, email
- веб-сайт
- мультимодальды формат (тізім, диаграмма, график, видео және т. б.)

КҮРДЕЛІЛІК ДЕҢГЕЙЛЕРІ БОЙЫНША

- көлемі
- идеялардың абстрактылығы
- синтаксистік құрылымы
- мәтін құрылымы
- когнитивті талаптары



- Күрделі
- Орташа
- Жеңіл

Анық түрде берілген ақпаратты табу

- сөздерді, сөз тіркестерін немесе сөйлемдерді және олардың сұраққа қатысы бар не жоқ екенін жылдам немесе **автоматты түрде түсінуді** қажет етеді
- тапсырмада және дұрыс жауапта мәтіндегі **нақты сөздер** немесе олардың синонимдері кездеседі
- **сөздер мен сөз тіркестерінің анықтамасын** табуды талап етуі мүмкін
- **оқиғаның контекстін** (мысалы, уақыт пен орнын) анықтауды талап етуі мүмкін
- әңгіменің **негізгі идеясын** табуды талап етуі мүмкін (егер ол нақты көрсетілсе)
- **графикалық суреттен** немесе веб-парақшадан нақты ақпаратты табуды талап етуі мүмкін

Анық түрде берілген ақпаратты табу

4-кесте. Шатырдағы гүлдер—4-сұрақ: Жануарларға қарай тұруға кім келісім берді?

Сұрақ	Гунн әжей қалаға көшкен кезде, оның жануарларына қарай тұруға кім келісiмiн бердi? a. көршi ферманын адамдары b. дәрігер c. Гунн әжейдiң отбасы d. Роберт
Дұрыс жауап	a
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (халықаралық орташа көрсеткіш)	83%
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (Қазақстанның орташа көрсеткіші)	87%
Түсiну процесi	Анық түрде берiлген ақпаратты табу
Дағдылар	Бұл сұраққа дұрыс жауап беру үшін оқушылар келесi сөйлемдi табуы керек: «Қуанышқа орай, көршi фермадағы адамдар оларға қарай тұруға қуана келiстi». Ол жерде жануарларға күтiм жасауға кiмнiң келiсiм бергенi нақты көрсетiлген.
Дидактикалық ұсыныстар	Егер оқушылар осы сөйлемдi табуға киналса, мәтiннен белгiлi бiр ақпаратты таба алмаған жағдайда не iстеу керектiгiн естерiне салыңыз. Олар мәтiннiң осы бөлiгiн қайта оқып, дұрыс жауапты таба алады [стратегия: түсiнудi бақылау және нақтылау].

– Қорқатын ештеңе жоқ, бірақ сізге қалаға көшу керек, – деді дәрігер. – Мұнда жалғыз тұру ақылға қонымсыз. Мысалы, егер сіз аулада құлап, аяғыңызды сындырып алсаңыз, сиырыңыз мені шақыра алмайды ғой.

– Мен өз-өзіме қарай аламын! – деп жауап берді Гунн әжей. Бірақ содан кейін қалада мүмкін көңілдірек болар деп ойлады.

– Жақсы! – деді ол кенеттен.

– Мен қалаға көшемін.

Көп ұзамай ол фермасын сатып, біздің үйден пәтер сатып алды.

Бірақ ол жануарларын не істемек? Оларды өзімен бірге қалаға апара алмайды ғой, солай

емес пе? Қуанышқа орай, көрші фермадағы адамдар оларға қарай тұруға қуана келісті. Дегенмен

Гунн әжейге жануар-достарымен қоштасу қиынға соқты. Оның мұңайғаны сонша – ақыры мысығы Робертті өзімен бірге алып кетуге шешім қабылдады.



Гунн әжей барлық заттарын жүк көлігіне артып, көп ұзамай жаңа үйіне қарай жол тартты. Ол уайымдап, қаланы тезірек көруді армандады.

Мен де уайымдадым. Біздің

Тікелей қорытындыларды тұжырымдау


- **анық тұжырымдалмаған** идеялар немесе ақпарат туралы қорытынды жасауды талап етеді
- екі немесе одан да көп ақпарат үзінділерін **байланыстыруды** талап етеді
- бірнеше ақпарат арасындағы **байланысты тануды** талап етеді (*мысалы, оқиғаның белгілі бір бөлігіндегі кейіпкердің әрекеттері оның белгілі бір сипаттамасын анық көрсете алады*)
- тапсырма мен дұрыс жауапта мәтіндегі сөздер **өзгертіліп қолданылады**
- сұрақ пен дұрыс жауапта мәтінде кездесетіні нақты сөздер қолданылғанымен, дұрыс жауаптар мәтіннің **әртүрлі бөліктерінде** болады
- белгілі **бір оқиға басқа оқиғаны тудырғаны** туралы қорытынды жасауды талап етуі мүмкін
- **кейіпкер әрекетінің себебін** түсіндіруді талап етуі мүмкін
- екі кейіпкердің арасындағы **байланысты сипаттауды** талап етуі мүмкін
- мәтіннің немесе веб-парақшаның қай бөлімі белгілі бір мақсатқа жетуге көмектесетінін **анықтауды** талап етуі мүмкін.

Тікелей қорытындыларды тұжырымдау

3-кесте. Шатырдағы гүлдер—3-сұрақ: Көшу себебі

Сұрақ	Неліктен дәрігер Гунн әжейдің қалаға көшгені жөн деп шешті? a. өйткені ол достарынсыз өзін жалғыз сезінді b. ол жерде туыстарымен бірге тұру үшін c. өйткені ол енді жануарларына күтім жасай алмады d. өйткені ол жерде қажет болған жағдайда оған біреу күтім жасай алады
Дұрыс жауап	d
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (халықаралық орташа көрсеткіш)	76%
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (Қазақстанның орташа көрсеткіші)	83%
Түсіну процесі	Тікелей қорытындыларды тұжырымдау
Дағдылар	Бұл сұраққа дұрыс жауап беру үшін оқушылар мәтіннің келесі бөлігін түсінуі керек: «Мұнда жалғыз тұру ақылға қонымсыз. Мысалы, егер сіз аулада құлап, аяғыңызды сындырып алсаңыз, сиырыңыз мені шақыра алмайды ғой». Оқушылар дәрігердің неліктен әжей қалаға көшуі керек деп есептейтіні туралы тұжырым жасай білуі керек: өйткені ол жерде көмек қажет болған жағдайда оған қарайласатын адамдар бар.
Бастапқы білім	Оқушылар қала мен ауыл тұрғындарының саны арасындағы айырмашылықты білуі керек.
Дидактикалық ұсыныстар	Оқушыларға мәтіннің осы бөлігін түсінуге көмектесу үшін, қала (әжей көшіп келген жер) мен ауыл (әжейдің туған жері) арасындағы айырмашылықты талқылау пайдалы болуы мүмкін. Мұғаліммен немесе жұп-жұппен бірігіп, Венн диаграммасын қолдану арқылы қала мен ауылдың айырмашылығы мен ұқсастығын көрсетуге болады. Тағы бір пайдалы әдіс – қала мен ауылдың ерекшеліктерін көрсететін кестені толтыру. Графикалық органайзерлермен бірлесіп жұмыс жасағанда, оқушылардың осы тақырып бойынша бастапқы білімін қайта жандандыруға және әжейдің қалаға көшу себебімен байланыстыруға болады [тығыз әрекеттесу].

8-кесте. Шатырдағы гүлдер—8-сұрақ: Әжей көзін қысып, жымиды.

Сұрақ	Әңгімеден Гунн әжейдің суреті орналасқан жерді табыңыз. 
Дұрыс жауап	Неліктен Гунн әжей балаға көзін қысып, жымиды? Жауап оқушының осы кезде Гунн әжей жануарларының тағы бір бөлігін қалаға көшіре алатынын түсінгенін көрсетеді. Жауапта сондай-ақ әжейде идея немесе жоспар пайда болғанын немесе баланың оған жақсы ой салғанын түсінгені көрсетілуі мүмкін.
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (халықаралық орташа көрсеткіш)	64%
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (Қазақстанның орташа көрсеткіші)	55%
Түсіну процесі	Тікелей қорытындыларды тұжырымдау
Дағдылар	Бұл сұраққа дұрыс жауап беру үшін оқушылар әңгімелеушінің сұрағын («Онда неге оларды әкелмеске?») әжейдің бейвербалды жауабымен байланыстыруы керек. Бұл сұрақ әжейге ой салды. Оқушылар әрі қарай оқи отырып, оның қандай идея екенін біледі.
Бастапқы білім	Оқушылар ортақ құпияның немесе ерекше идеяның болуын білдіретін көзді қысу және жымия сияқты бейвербалды амалдардың мағынасын білуі керек.
Дидактикалық ұсыныстар	Біреуге «көз қысудың» мағынасын талқылаңыз және мәтінмен байланыстырыңыз. «Саған бұрын-соңды біреу көзін қысты ма? Неліктен адамдар бұлай жасайды? Әжей неге бұлай жасады?» [тығыз әрекеттесу]. Мәтіннің осы бөлігін дауыстап оқып, көз қысудың мәні туралы бастапқы біліммен қалай дұрыс байланыс орнатуға болатындығын модельдеңіз [стратегия: байланыс орнату]. Көз қысудың мағынасын түсінбеген балаларға күні бойы көзіңізді қысып көріңіз. Олармен көз қысудың мәнін қысқаша талқылаңыз [бақылау және саралау].

– Қорқатын ештеңе жоқ, бірақ сізге қалаға көшу керек, – деді дәрігер. – Мұнда жалғыз тұру ақылға қонымсыз. Мысалы, егер сіз аулада құлап, аяғыңызды сындырып алсаңыз, сиырыңыз мені шақыра алмайды ғой.

– Мен өз-өзіме қарай аламын! – деп жауап берді Гунн әжей. Бірақ содан кейін қалада мүмкін көңілдірек болар деп ойлады.

– Жақсы! – деді ол кенеттен.

– Мен қалаға көшемін.

Көп ұзамай ол фермасын сатып, біздің үйден пәтер сатып алды.

Бірақ ол жануарларын не істемек? Оларды өзімен бірге қалаға апара алмайды ғой, солай емес пе? Қуанышқа орай, көрші фермадағы адамдар оларға қарай тұруға қуана келісті. Дегенмен Гунн әжейге жануар-достарымен қоштасу қиынға соқты. Оның мұңайғаны сонша – ақыры мысығы Робертті өзімен бірге алып кетуге шешім қабылдады.



Гунн әжей барлық заттарын жүк көлігіне артып, көп ұзамай жаңа үйіне қарай жол тартты. Ол уайымдап, қаланы тезірек көруді армандады.

Мен де уайымдадым. Біздің

– Жаныңызда үй жануарларыңыз жоқ болғандықтан мұңайып тұрсыз ба? – деп қызығып сұрадым.

– Ия, мен оларды сағындым, – деп күрсінді ол.

– Онда неге оларды әкелмеске? – деп сұрадым.

Гунн әжей маған көзін қысып,
жымиды.



Келесі күні мен оған қонаққа барғанда, үйде ешкім болған жоқ. Гунн әжей қала сыртына автобуспен кетіп қалды.

Түнде мен баспалдақта қатты тықылдаған дыбыстан оянып кеттім. Бұл не болуы мүмкін? Әрине! Тауықтар! Олар лифтпен жүруге қорқатын болар!

Келесі күні таңертең мен Гунн әжейге тауықтарына жем беруге көмектестім.

Идея мен ақпаратты түсіндіру және біріктіру

- **ақпарат бөліктерін жалпы идеямен байланыстыруды** талап етеді
- мәтінде анық немесе анық емес көрсетілген **дәлелдерді негізге ала отырып**, мәтін мағынасына **жеке білімі мен тәжірибесін** біріктіруді талап етеді (*тек жеке көзқарасқа немесе тәжірибеге негізделген интерпретациялар қабылданбайды*)
- кейде екі немесе одан да көп дереккөздерден алынған ақпаратты, сондай-ақ **жазбаша және визуалды ақпаратты** (мысалы, ePIRLS тапсырмаларында) **біріктіруді** талап етеді
- мәтінде **анық емес** берілген ұғымдар қолданылады
- толық жауап **бүкіл мәтінді** немесе кемінде оның айтарлықтай бөлігін түсінуді, сондай-ақ мәтіннің **тура мазмұнынан тыс идеяларды** ұсынуды талап етеді.
- мәтіннің **жалпы үндеуін** тануды талап етуі мүмкін
- кейіпкерлердің әрекеттеріне **балама қарастыруды** талап етуі мүмкін
- мәтіндегі ақпаратты **салыстыруды** және **қарама-қарсы қоюды** талап етуі мүмкін
- **әңгіменің көңіл күйі** немесе **райы** туралы қорытынды жасауды талап етуі мүмкін

Идея мен ақпаратты түсіндіру және біріктіру

1-кесте. Шатырдағы гүлдер—1-сұрақ: Өңгімелеушінің тұлғасы

Сұрақ	Бұл оқиғаны кім баяндайды? a. әжей b. бала c. дәрігер d. фермер
Дұрыс жауап	b
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (халықаралық орташа көрсеткіш)	78%
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (Қазақстанның орташа көрсеткіші)	80%
Түсіну процесі	Ақпаратты біріктіру және түсіндіру
Дағдылар	Бұл сұраққа дұрыс жауап беру үшін оқушылар «Оның шын есімі Гуньона, бірақ мен оны Гунн әжей деп атаймын» деген сөйлемнен әңгімелеушінің кім екенін анықтай алуы керек. Балалар қарт әйелді "әжей" деп атайтыны анық. Немесе оқушылар: «Мүмкін, ол бірге ойнауға болатын бала болар» деген сөйлемнен әңгімелеушінің тұлғасын анықтаса болады.
Дидактикалық ұсыныстар	Егер оқушылар әңгімелеушіні анықтауға киналса, олар өздерін әңгімелеушінің орнына қойып көрсе болады. Оқушы әңгімелеуші айтқан сөйлемдерді дауыстап оқиды. «Сонымен сіз бұл ханымды Гунн әжей деп атайсыз. Өзіңізді қандай адаммын деп ойлайсыз? Неге бұлай ойлайсыз? Жауабыңызды тексеру үшін әрі қарай оқиық» [стратегия: мәтін мазмұнын визуализациялау]. Сұрақтар қою арқылы оқушылар әңгімедегі әртүрлі кейіпкерлерді жақсырақ таниды. «Әңгімедегі «мен» деген кім? Неліктен «мен» пәтерге көшіп келетін адам бірге ойнауға болатын бала деп үміттенді? [стратегия: сұрақтар қою].

12-кесте. Шатырдағы гүлдер—12-сұрақ: Баланың сезімі қандай болды?

Сұрақ	Баланың Гунн әжейге деген сезімі ол үйге алғаш көшіп келген кезде және әңгіменің соңында қандай болды? Оқығаныңызды пайдалана отырып, оның сезімін сипаттаңыз және оның сезімдері неге өзгергенін түсіндіріңіз.
Дұрыс жауап	Толық балл алу үшін жауап мәтіндегі идеяларды біріктіру арқылы баланың Гунн әжейге деген сезімінің ол алғаш көшіп келген кезде және әңгіменің соңында қандай болғанын, сондай-ақ оның әжейге деген сезімі неге өзгергенін түсіндіру арқылы терең түсінгенін көрсетеді.
Толық деңгейде түсінгенін көрсететін жауапта (3 балл) Гунн әжей алғаш қоныстанған кездегі баланың жағымсыз сезімдері және әңгіменің соңындағы оның жағымды сезімдері сипатталады. Бұған қоса, жауап оқиғадағы сәйкес ақпаратты пайдалана отырып, оның сезімдері неге өзгергенін түсіндіреді. Немесе жауап баланың Гунн әжейге деген жалпы сезімін емес, алғаш рет қоныстанған кездегі және әңгіменің соңындағы оған деген жанашырлық сезімін сипаттайды және олардың неге өзгергенін түсіндіреді.	
Қанағаттанарлық деңгейде түсіну үшін (2 балл) жауапта Гунн әжей алғаш көшіп келген кездегі баланың жағымсыз сезімдері және әңгіменің соңындағы жағымды сезімдері сипатталады. Алайда жауап оның сезімдері неліктен өзгергенін түсіндірмейді немесе үстіртін түсіндіреді. Немесе жауап оның сезімдерінің біреуін ғана сипаттайды және олардың неліктен өзгергенін түсіндіреді. Алайда жауапта сезімдердің жағымсыздан жағымдыға ауысу себебі көрсетілмейді.	
Минималды жауапта (1 балл) баланың әңгіменің басындағы Гунн әжейге деген жағымсыз сезімі НЕМЕСЕ әңгіменің соңындағы оған деген жағымды сезімі сипатталады.	
Толық жауап берген оқушылардың пайызы (халықаралық орташа көрсеткіш)	27%
Толық жауап берген оқушылардың пайызы (Қазақстанның орташа көрсеткіші)	25%
Түсіну процесі	Ақпаратты біріктіру және түсіндіру
Дағдылар	Толық балл алу үшін оқушылар бүкіл оқиға барысындағы әңгімелеушінің (өзгерген) сезімін түсіндіре алуы керек. Мысалы, бірге ойнайтын баланың орнына әжей көшіп келген кездегі көңіл күйін түсіруі немесе әжейдің қолынан бәрі келетіндігін білген кездегі мақтанш пен қуаныш сезімі.


Мәтін мазмұны мен элементтерін сыни тұрғыдан бағалау

- **мәтін туралы түсінігін әлемді қабылдауымен салыстыру** негізінде негізделген пайымдау жасауды талап етеді
- жеке мәтіндердің **ойша модельдерін** құруды, сондай-ақ мәтіндер арасында байланыс жасауды талап етеді
- мәтіннің құрылымы мен тілін бағалау кезінде жанрлық ерекшеліктер туралы **біліміне сүйенуді** талап етеді
- **ақпараттың ұсынылу тәсілін** (визуалды және мәтіндік құралдар арқылы) **бағалауды** және олардың **функцияларын түсіндіруді** талап етуі мүмкін
- мәтіндегі ақпараттың **толықтығын** немесе **анықтығын бағалауды** талап етуі мүмкін
- **мәтіннің атауы негізгі тақырыпты** қаншалықты жақсы ашатынын бағалауды талап етуі мүмкін
- **автордың көзқарасын**, мәтіннің немесе веб-сайттың **біржақтылығын** анықтауды талап етуі мүмкін

Мәтін мазмұны мен элементтерін сыни тұрғыдан бағалау

11-кесте. Шатырдағы гүлдер—11-сұрақ: Әңгімедегі соңғы сөйлемнің мақсаты

Сұрақ	Әңгіме мына сөйлеммен аяқталады: "Ол сиырды лифтке кіргізе ала ма?" Неге бұл сұрақ әңгіменің соңында қойылған? a. әңгімені қызықтырақ ету үшін b. әңгімеден қандай өсиет алуға болатынын түсіндіру үшін c. әңгімені шынайы ету үшін d. оқырманға не болғанын түсінуге көмектесу үшін
Дұрыс жауап	a
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (халықаралық орташа көрсеткіш)	59%
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (Қазақстанның орташа көрсеткіші)	58%
Түсіну процесі	Мәтін мазмұны мен элементтерін сыни тұрғыдан бағалау
Дағдылар	Бұл сұраққа дұрыс жауап беру үшін, оқушылар бұл сөйлемді әзіл ретінде түсіндіре білуі керек.
Дидактикалық ұсыныстар	Егер оқушылар мұндай әзілді түсіндіруге қиналса, алдымен бұл сөйлемнің мағынасы мен мақсатын талқылау ұсынылады. Осындай әзілдері бар бірнеше мәтінді жинап, автордың оларды қандай мақсатпен қосқанын түсіндірсе болады. Оқушылар өз бетінше әзіл құрастырып, мәтіннің соңына қоса алады. [тығыз әрекеттесу].




Қазір Гунн әжей әлдеқайда бақытты. Ол қалада өзі үшін шағын ауыл бұрышын жасады. Қазір ол өзінің шатырындағы бақшасын ескі фермасынан кем көрмейді. Шатырда қайтадан гүлдер өсе бастады.


Гунн әжей мен білетін басқа адамдарға ұқсамайды. Оның қолынан бәрі келеді! Енді оны бір ғана нәрсе алаңдатады. Ол сиырды лифтке кіргізе ала ма?

ЦИФРЛЫҚ ФОРМАТТЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

- оқушылардың күнделікті оқу тәжірибесіне сәйкес келетін қызықты, **шынайы тест ортасын** қалыптастырады
- стандартты жауаптардың (бірнеше нұсқасы бар, жазбаша жауаптар) шеңберінен шығатын **жауап форматтарын** (сүйреп апару, байланыстыру) пайдалануға мүмкіндік береді
- оқушылардың **цифрлық платформамен өзара әрекеттесуі** туралы деректерді жинауға мүмкіндік береді



ИНТЕРНЕТТЕ ЖҰМЫС ЖАСАУҒА ҚАЖЕТ ЦИФРЛЫҚ ДАҒДЫЛАР




Оқырмандар сенімсіз дереккөздерге тап болған кезде, ақпаратты өңдеу үшін олардың **сыни тұрғыдан бағалау** дағдылары алдыңғы қатарға шығуы керек.

Ақпарат көздерін бағалау жасырын мәтіндердің ықтимал пайдалылығы туралы **қорытынды тұжырымдаумен** байланысты қосымша талаптар қояды (*мысалы, Google іздеу нәтижелерін немесе сілтемелердің пайдалылығын бағалау*).

Интернетте оқуды тиімді үйрету әртүрлі қарама-қайшы көзқарастарды немесе толық емес ақпаратты қамтитын бірнеше мәтіндерді **біріктіруді** талап етеді.

ИНТЕРНЕТТЕ ЖҰМЫС ЖАСАУҒА ҚАЖЕТ ЦИФРЛЫҚ ДАҒДЫЛАР



Онлайн мәтіндер динамикалық элементтерді қамтуы мүмкін:

- *видео немесе аудио клиптер*
- *анимациялық графика*
- *гиперсілтемелер*
- *қалқымалы терезелер*
- *көрнекі сигналдар (пайда болатын және жоғалып кететін, айналатын немесе түсін өзгертетін ақпарат).*

1

Қажетті веб-парақшаны немесе веб-сайтты таңдау үшін бір немесе бірнеше дереккөздерді бағалау

2

Сілтемелер немесе қойындылар арқылы тиісті парақшаларға өту

3

Жарнамалар мен оқушының ойын бөлетін басқа да элементтерді елемей, әртүрлі ақпараттың өзектілігі туралы қорытынды жасау

ТОПТЫҚ БЕЙІМДЕУ ДИЗАЙНЫ

PIRLS оқушы дағдыларының кең ауқымын толық қамту және бағалаудың күрделілік деңгейлеріне сәйкес келуін қамтамасыз ету үшін топтық бейімдеу дизайнын пайдаланады.



Ескерту: неғұрлым күрделі буклеттер екі күрделі буклеттен немесе бір күрделі және бір орташа буклеттен тұрады. Неғұрлым жеңіл буклеттер екі жеңіл буклеттен немесе бір жеңіл және бір орташа буклеттен тұрады.

A photograph of several children sitting at desks in a computer lab, focused on their work. They are wearing light blue t-shirts. The background is bright and slightly blurred, emphasizing the children in the foreground.

**ЖАҢАРТЫЛҒАН PIRLS-2026 БАҒАЛАУ
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ:
САУАЛНАМА**

Оқушылардың оқу дағдыларын дамыту контексті



ОТБАСЫ КОНТЕКСТІ

Тақырыптар	Тақырыпшалар
Ерте жастағы оқу тәжірибесі	Ерте жаста сауаттылықты дамыту бойынша үйде жасалатын іс-шаралар
Оқуға арналған үй жағдайы	Отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы Ата-аналардың оқу әдеті Отбасында АКТ-ны қолдану Отбасындағы қарым-қатынас тілі

МЕКТЕП КОНТЕКСТІ

Тақырыптар	Тақырыпшалар
Мектептің сипаттамасы және оқушылар құрамы	Мектеп көлемі және орналасқан жері
	Оқушылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы
	Оқушылардың қарым-қатынас тілі
	Мектепке қабылданатын кезіндегі дағдылар
Мектеп ресурстары	Оқуды үйретуге арналған ресурстар мен қолдау
	Мектеп кітапханасы және технологиялық ресурстар
	Оқушыларды қолдауға арналған ресурстар
Мектеп климаты	Мектептегі қауіпсіздік
	Мектептің оқушылардың академиялық жетістіктеріне көңіл бөлуі
	Мұғалімдердің өз жұмысына қанағаттану және қиындықтары
	Ата-аналардың мектеп жұмысына қатысуы
	Мектеп директорының біліктілігі мен тәжірибесі

СЫНЫП КОНТЕКСТІ

Тақырыптар	Тақырыпшалар
Мұғалімнің біліктілігі	Мұғалімнің білімі
	Мұғалімнің еңбек өтілі
	Мұғалімнің біліктілігін арттыруы
Сыныпта оқуға үйрету	Оқушылардың мәтінді түсіну дағдылары мен стратегиясын дамыту
	Оқушылардың мәтінді оқу процесіне мотивациясын, қатысуын және өзіндік тиімділігін дамыту
	Оқытуды ұйымдастыру
	Сынып кітапханасы
Сыныптағы ақпараттық технологиялар	Сыныпта оқуға үйрету кезінде цифрлық құрылғыларға қолжетімділік
	Онлайн оқуға үйрету
Сыныптағы климат	Сыныптағы тәртіп
	Оқуға кедергі келтіретін факторлар

ЖЕКЕ КОНТЕКСТ

Тақырыптар	Тақырыпшалар
Оқушылардың демографиясы	Жасы
	Гендері
	Үйдегі қарым-қатынас тілі
	Азаматтығы
Оқушылардың мектептегі тәжірибесі	Мектептің бір бөлшегі ретінде сезінуі
	Буллинг
	Мектептегі әл-ауқат
	Оқу сабақтарына белсенді қатысуы
Оқушылардың оқуға деген көзқарасы	Кітап оқуға деген көзқарасы
	Оқушылардың кітап оқуда өз-өзіне деген сенімділігі
	Кітап оқуға жұмсалатын уақыт
	Мектептен тыс уақытта оқитын мәтін түрлері мен оқу мақсаттары
	Оқу форматтары мен құралдары
Оқушылардың ақпараттық технологияларды қолдануы	Цифрлық құрылғылар мен интернетті пайдалану

ҰЛТТЫҚ КОНТЕКСТ

Тақырыптар	Тақырыпшалар
Білім беру жүйесі	Мектептегі жалпы оқу жылының саны
	Мектепке қабылдау жасы және екінші жылға қалдыру саясаты
	Мектепке дейінгі білім беру
	Оқыту тілі (тілдері)
	Мұғалімдер мен мектеп директорларын даярлау
Оқу бағдарламасы	Оқу бағдарламасының ерекшеліктері
	Оқу материалдары және цифрлық құрылғыларды пайдалану
	Тіл/оқу бойынша оқу бағдарламасының негізгі бағыттары

ЖАҢА СҰРАҚТАР

Оқушы сауалнамасы	Ата-аналардың сауалнамасы	Директор сауалнамасы	Мұғалім сауалнамасы
Цифрлық технологияларды оқу мақсатында пайдалану	Ата-аналардың баланың мектеп өміріне қатысуы	Сабақтарда компьютерлер немесе планшеттердің қолжетімділігі	Оқытуды шектейтін факторлар
Цифрлық технологияларды бос уақытта пайдалану	Ата-аналардың баланың оқумен байланысты іс-шараларына қатысуы	Мұғалімдердің АКТ қолдануы	Оқушыларға ұсынылатын оқу материалдарының түрлері
Оқушылардың әл-ауқаты	Баланың цифрлық қауіпсіздігі	Мектепте оқушылардың ұялы телефондарын пайдалануы	Оқушыларды оқу тапсырмаларын орындау үшін цифрлық құрылғылармен қамтамасыз ету
Оқуға арналған мәтіндердің түрлері мен форматтары	Оқуға арналған мәтіндердің түрлері мен форматтары	Әр түрлі мектеп ресурстарының қолжетімділігі	
		Оқушыларды тегін тамақпен қамтамасыз ету	

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ



МҰҒАЛІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН АНЫҚТАМАЛЫҚ РЕСУРС

IEA
TEACHER
SNIPPETS XL

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МӘТІНДІ ТҮСІНУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛАЙ ДАМУҒА БОЛАДЫ?
PIRLS мәтіндері негізінде мәтінді түсінуге үйретудің 5 негізгі қағидасы

- 1. Мағыналы және функционалды контексте оқу**
Оқушылар оқу және түсіну дағдыларын дамыту олар үшін маңызды, құнды және пайдалы екенін түсінуі керек. Сондықтан оқу материалдары, оқу мақсаттары және оқу тәсілдері шынайы және іс жүзіндегі оқу тапсырмаларына ұқсас болуы керек.
- 2. Мәтінмен өзара терең әрекеттесу**
Мәтін мазмұнымен өзара әрекеттесу оқушылардың мәтінді түсінуіне оң әсер етеді. Мазмұнды, атап айтқанда оқу мақсатына жетуге қажет ақпаратты талқылай отырып, оқушылар өздері бұрын соңды ойламаған жаңа идеяларға қол жеткізеді, ал бұл өз кезегінде мәтінді жақсырақ түсінуге көмектеседі.
- 3. Оқу стратегияларын үйрету**
Мәтінді түсіну стратегияларын қолдану түсінуді жақсартудың тиімді әдісі бола алады. Стратегиялар кешені (төмендегі кестені қараңыз), әсіресе бір-бірімен үйлесімде қолданылған жағдайда, мәтінді түсінуге оң ықпал ететін туралы дәлелдер бар.
- 4. Оқуды басқа пәндермен бірге үйрену**
Басқа мектеп пәндері бойынша мәтіндерді оқи отырып, оқушылар жаңа білім мен сөздерді игеріп қана қоймай, оқу дағдыларын басқа мәтін түрлерін оқуда қолдануды үйренеді. Оқуды жазумен біріктіру мәтінді жақсырақ түсінуге, сондай-ақ жазу дағдыларын жақсартуға көмектесуі мүмкін.
- 5. Мәтінді түсінуді және сараланған оқытуды бақылау**
Қалыптастырушы және жиынтық тесттер арқылы оқу дағдыларының дамуын бақылау мәтінді түсіну деңгейін және білім беру қабілеттерінің анықтауға мүмкіндік береді. Сараланған оқытуды сөздердің мағынасы, оқу стратегияларын қолдану және мәтін құрылымы туралы нақты нұсқаулар беру арқылы жүзеге асыруға болады.

ТИІМДІ ОҚУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

- Болжау және оқу мақсаттарын өрлеу
- Сұрақтар қою
- Мәтін мазмұнын визуализациялау
- Мәтін құрылымын ашырату
- Байланыс орнату
- Қорытындылау
- Түсінікпен бақылау және нақтылау

https://taldau.edu.kz/kz/int_materialy/pirls